

Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» атты библиографиялық көрсеткішті - Аманкелді Имановтың туғанына 145 жыл толуына арнады.

Халық батыры, 1916 жылғы Торғайдағы кедейлер көтерілісінің басшысы, жалынды большевик, Азамат соғысының қаһарманы жайындағы мағлұмат оқырман назарына ұсынылып отыр.

Аманкелді Имановтың есімі ержүректіліктің, қайтпас қайсарлықтың,

революция ісіне қалтықсыз берілгендіктің үлгісі ретінде - Кеңес Одағының қаһармандық шежіресіне мәңгі енді. Ол қалың бұқара ортасынан шыққан коммунист-революционер, өз Отанын, халқын жан-тәнімен сүйген патриот.

Библиографиялық көрсеткіш «Азаттық үшін алысқан ер», «Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы - қас батыры!» атты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған батыр туралы естеліктер мен толғаулар, өлеңдер берілген. Қонабай баласы, қазақ ауыз әдебиетін дамытуға өзіндік үлес қосқан, өз заманының дүлдүлі, арқалы, рухты - Қарсақ ақынның 1944 жылы Аманкелдінің



ауылында оның жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуын еске түсіруге арналған жиында толғаған үлкен толғауы енгізілген. Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы жазылған. Халық

батыры туралы жарық көрген әдебиеттер және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі әліпбилік ретпен орналасқан. Батыр туралы баспасөз бетіндегі жарияланымдар мен фотосуреттер және басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш тарихшыларға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге ел тарихын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

Гүлнар
КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,
№2 ОГӘЖ әдістеме-
библиография
бөлімінің
библиографы

Қала басшысы қарт майдангерлерді құттықтады

Ұлы Жеңіс күніне, міне, биыл 73 жыл толып, барша ТМД елдері 9 мамырда жауынгер ата-аналарымыздың ерліктеріне тағы бір мәрте тағзым етті. Қаламызда да соғыс ардагерлерінің құрметіне, Ұлы Жеңіс тойына орай бас иіп, құрмет көрсеткендер қарасы, әдеттегідей, аз болған жоқ.

Орталық алаңға халық жиналмас бұрын, қала әкімі Амантай Балғарин, орынбасары Түбекбай Әубәкіров пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Габпасұлымен бірге от пен оқ арасынан аман қалып, ұрпаққа өшпес ерлік пен елжандылықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан ардақты майдангерлеріміздің үйлерін аралап, ерекші іттипат пен барша кейінгі ұрпақтың атынан, арқалық жұртшылығы тарапынан мстық лебіздерін білдірді.



Әбжан Тоқай, Федор Романенко, Тамара Пуцки-на, Яков Федько сынды тірі аңызға айналған аталары-

мыз бен аналарымыздың бас мейрамында жылдағы дәстүр бойынша құрмет көрсетіп, құттықтау сөз-

дерін жеткізуге Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі бастышы Күлбақыт Омарова бастаған бір топ ұжым өкілдері де қарияларымыздың құшағын

сүлге толтырып, мемлекет тарапынан бөлінген қаржылай көмектерін салтанатты түрде табыс етті.

Қала әкімі А. Балғариннің айтуынша, қаламызда тұрып жатқан қарт майдангерлеріміздің ғұмыры - тұнып тұр тарих. Нағыз жанкешті ерлік пен Отанға, елге деген шексіз сүйіспеншіліктің шарапнасы. Сондықтан, әрқайсысының сұрапыл соғыс жылдарындағы тар жол тайғақ кешуі, тіпті соғыс біткеннен кейін де бастарына төнген небір қиыншылықтарды ұрпаққа жеткізіп, насихаттау қажеттілігін, бейнематериалдар, газет материалдары арқылы көпшіліктің назарына жеткізу керектігін тілге тиек етті. Себебі, осындай рухы биік, ержүрек тұлғалардың өмір жолдары жастарды баршамыздың ортақ Отанымыз Қазақ елін одан әрі құрметтеп, одан әрі қастерлеуде үлкен тәрбие құралы екенін жиналғандарға баян етті.

Ақындығымен биікке самғаған

1967 жылдың шілдесі. КазГУ-дегі кездесу кешінде рухы риза болуын тіледі ме, Гафаң – ақын Гафу Қайырбеков айтыс өнерінің дүлдүлі Нұрхан Ахметбековке арнаған өлеңін оқыды:

... Кісі еді – ау шабыты асқақ, жыры дархан,

Ағаның алақанын сағымды арқам.

Жазуға жаман өлең, жасық сөзді,

Нұрханның аруағынан әлі қорқам, – деумен сап сайыр-лағанда ол зеңгір көкте санқылдаған сұңқардай, тұңғымен дала төсін дүбірлеткен тұлпардай болып елестеді көзімізге.

Аумағы аз шаптырым залдағы филология, журналистика факультеттері студенттерінің сүйсінген сондай, үсті – үстіне қол соғып жатыр. Мен болсам, қарт Торғайдың осындай біртуар азаматты қияға ұшырғанына іштей марқандамын.

Каникул кезінде жолыққан өлеңнен дәмелі ақшығанақтық сары бала Кеңшілік Мырзабеков Гафаңның «Арал әуендері» кітабындағы «Сүйікті інім Жақсылық! Туған топырақтан бәйгеге ілесе шабуға талаптанған тай екенсің, жолың болсын» деген қолтаңбасымен танысты да, жанына «Жақсылық! Бәріміз едік қой. Гафу дұрыс айтқан, ә! Мен – Кеңшілік – К.Мырза» деп көк қарындашпен жазып қойды.

Гафаң ас ішіп, аяқ босатады. Дардың қатарына қосылмайды. Әр сапарында өзекті мәселелер кеңінен қамтылған мақалалар туындатып, республикалық басылымдарда бастырады.

Алғаш Торғай облысы жанында «Егемен Қазақстан

жылы» бетінде «Арқалық мұңы» жанайқайын жариялағаны жерлерінің мәңгі есінде.

Жыр жүйрігі Сырбай Мауленовтың 70 жылдығында әдейі тақырыптан ауытқып, «Экономиканы сылтауратып, ұлттың рухани орталығы – Торғай облысын тарату жөн бе?» деп Қостанай облысының әкімі Сергей Кулагинге құлаққағыс жасағаны нағыз жанашырлықтың белгісі емес пе?!

Екеуара оңаша әңгімеде «Кейде шабыт бойымды билеп, көмейімнен небір шұрайлы сөздер саулағанда кәдімгідей апа-лақтаймын. Яғни, маған ауызекі сөз алдеқайда оңай» деп сырын ақтарғаны бар. Өйткені, Алаш арысы Міржақып Дулатовты арқау еткен салтанатты жиналыста Гафаң кеш кейіпкерінің қызы Гүлнарды дәріптеген әнін мінбеде орындағанда бәйбішесі Бәдеш «О заманда бұл заман мінбеде өлең айтқан адамды көргенім» деп таңданған екен.

Гафаң жерлес ақын-жазушылардың мерейтойларына байланысты мақаласын ертерек газеттерге беріп үлгеретін. Енді денсаулығының ауа-райындай құбылатынын сездіріп, 1991 жылдың 18 мамырында жолдаған хатында ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 60 жыл толуына орай мақалаға кірісуді тапсырған болатын. Асқар тәудай ағаның пікірімен қалай санаспасаң, дер уағында Шәм-аға жайлы естелігім орналастырылған облыстық «Торғай таңы» газетін Алматыға баратын көрііме ұстатып, ағамызға табыстауын өтінгенмін. Артынан ұшқырлық танытқаным

жылы лебізін білдіргеніне балаша қуандым.

Шіркін, Гафаң соңынан ерген інілеріне ықпал аялы алақанын тосатын. Олай дейтінім, «Алаңқы кітабың шығарда алдың-ала хабарлас. Алғы сөзін өзім жазамын» деп дәмелендіргеніне есіне салмақ ниетпен үйіне хабарластымын. Телефон арқылы Бәдеш жеңгей ағамның «Уаде бергенім рас. Әттең, оны орындар күш жоқ» мағынасында қысқа қайырған сөзін қаз-қалыңда жеткізді маған.

Гафаң композиторлардың отінішін кейінге ысырмайтын. Мысалы, Шәмші Қаддаяқовтың әніне лайықталған «Ана туралы жыр» өлеңін бабымен орындайтындар тойларда, мерекелерде тыңдаушының құлақ құрышып қандыратын. Әуелі әсем әуенді Ришат, Мүсілім Абдуллиндер сынды жезтаңдай әншілер қосылып, радиодан, көгілдір экраннан төгілкенде барша жұрт ұйып тыңдайтын. Беріректе жүрекке қонымды осынау әнді ырғағын бұзбай, Семей зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының түлегі Қарекен Алматылықтың /кеудесі алтын саңдық іспеттес Әр-ағаның туған інісі/ майда қоныр дауысымен көпшіліктің назарына ұсынған сәтін жерлерісі ауыздарынан тастамайды.

Гафаңның пайымдауынша, ананың қадір-қасиеті нанымды бейнеленген жолдар Орта Азиядағы біраз елдің байырғы тұрғындарына ұнаған.

Ал, елуінші жылдары Жанкелдин аудандық мәдениет бөлімінің қызметкері Сейіт Кенжеахметов Гафаңның:

... Дуылдат, көтер, желіктір, Сауықты – сайран күңді бұл! Саңдаған саңлақ келіп тұр, Құлаққа тиіп бұл дүбір!

Жарыстыр, жүгірт соларды, Жазылып бауыр бір қалсын. Дүбірлет күйді, сал әңгі, Айызы жұрттың бір қансын! – шумақтарымен делебені қоздыратын «Тойбастарымен» концерттің шымылдығын ашатын.

Торғай кентінде екі жас кіші қарындасы Күләш тұрады. Тыл және еңбек ардагері. Бетпішіні, сөз саптауы бауырынан аумайды. Жастай тағдырдың жазуымен отағасынан айырғалса да, төрт баласын қатарға қосып, бүгінде немерелерінің қызығын тамашалаған асыл әже.

Шаңғайдағы Алматы қаласынан құрметті мейман есебінде шақырылған ақын Гафу Қайырбеков Қостанай қаласында ұлы агартушы Ыбырай Алтынсариннің мүсіні орнатылуына сәйкес салтанатта «Сіздер білім шырағын жаққан атамызға жақсы ескерткіш орнатыпсыздар. Бұған дейін мен «Дала қонырауы» атты дастаныммен бейнесін сомдағанмын» деп алды да, әрменқарай орыс тілінде сайрады. Өлті арада өзге тілге де жүйрік Гафаң басын шайқағандар қаншама.

Қазіргі таңда Гафаңның 40-тан астам кітабы кітапханалардың сөрелерінен тұрақты орын тепкен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы тұрғысында да жөні бөлек. Ұлттық поэзияның



төңірегінен әңгіме қозғалса, баяндамашылар талантты ақын Гафу Қайырбековты айналып өтпейді.

Шүкір, тұңғышы Бақыт – лайықты ізбасары. Өлеңін орыс тілінде жазумен бірге, әкесінің және басқа да ақындардың төл шығармаларын орысша жатық «сөйлетеді». Танымал режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кішкентайынан әдебиетке баулыған әкесінің тағылымы мол өмірі айтып-ақталған «Есейіп кетсем де...» деректі фильмі де ерен еңбегінің жемісі.

Жары Бәдеш бірнеше кітабын жинақтап, Гафаңның 90 жылдық торқалы тойына дейін 10 томдығын шығаруға бел буған.

Тоқетері – бұл дүниеге аяқылдап келіп, о дүниеге жарқылдап өткен жыр жампозы Гафу Қайырбековтың құнды қазынасы – қызықты оқиғалар тізбектелген повесі мен очерктері, қорғасын құйған сақдай өлеңдері мен поэмалары келер ұрпақтың кәдесіне жараса, айтулы қаламгер үшін үлкен ожақ сол!

Жақсылық ЖҮНІСҮЛЫ,
ардагер-журналист

Ақынмен өткен әсерлі кеш

Арқалық политехникалық колледжінде Алматыда «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында өткен республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері, «Айтыстың ақтаңгері» атағына ие болған Қалиев Айбек Киікбайұлымен кездесу кеші өтті.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Мемлекет басшысының мақаласында айтылатын «ұлттық код» деген ұғымға халқымыздың қайталанбас керім өнерінің бірі айтыс та жатады. Айтыс – бәрша қазаққа керек өнер. Ол – әлімсақтан келе жатқан киелі өнеріміздің бірі. Айтыс өнері – өнердің падишасы. Айтыста кемшілікті айтады, сынды айтады. «Сын түзелмей, мін түзелмейді». Дарыңды, та-



лантты адамдар көнеді. Мінімізді бетке басып, сынайтын адамдар – нағыз айтыс ақындары. Айтыс болғаннан кейін, әзіл-қалжың, сын болуы шарт. Сондықтан бұл өнер – халықтық өнер.

Сырлы сұқбатқа толы болған әсерлі кеште жастар ақын өмірі мен

шығармашылығымен, адами болмысы мен рухани әлемімен жақын таныса алды. Өлең десе ішер асын жерге қоятын жастар ақынның жүрегі жарып шыққан өлеңдерімен рухани сусындап қайтты. Кеш соңына дейін тапқылдамай отырғандығынан-ақ жастар

мандардың қара өлеңге деген махаббатын аңғаруға болады. Көпшілікті әсіресе, бұл кездесуге асқан дайындықпен келген, ұйымдастырушылық қабілетін жоғары деңгейде көрсеткен, рухани кешті ұйымдастыруға мұрындық болған Салтанат Хамзина мен Лайла Самыратованың жұмысы көңілге жылылық ұялатты.

Кеш соңында TO-18 тобының студенті, колледжіміздің жас ақыны Бекзат Шәптібаев Айбек Киікбайұлына «Айтыстың ақтаңгері» атты өлеңін тарту етті.

Индира БІЛКЕНОВА,
Арқалық политехникалық колледжінің
II-21 тобының студенті